

Савчиц Н.Е.

**АГРАРЛЫҚ ЖОО-ҒЫ СТУДЕНТТЕРДІҢ ТӨЗЕМДІЛІК САПАСЫН
ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ ТӘРБИЕ ПРОЦЕССТІҢ РӨЛІ**

Аңдатпа

Ұлтаралық келісімді және төземділікті қорғау мәселесі көпмәдениеттік және көптілдік нақтылық жағдайында ең күрделі және сан қырлы мәселе болып табылады. Мақалада ұлтаралық төземділікті қалыптастыруға бағыталған аграрлық университетін студенттерімен өткелілетін тәрбие жұмысының ерекшеліктері қарастырылған.

Кілт сөздер: ұлтаралық төземділік, тәрбие жұмысы, көпмәдениет аясы, білім бері ортасы, аграрлық ЖОО, тіл білімі.

Савчиц Н.Е.

**ON THE ROLE OF TRAINING PROCESS IN FORMING OF STUDENT'S TOLERANT
CONSCIOUSNESS OF AGRARIAN UNIVERSITY**

Abstract

In a multicultural and multilanguage reality remains complex and multifaceted problem of preservation of interethnic consent and interethnic tolerance as a dominant culture of international dialogue. The article deals with the specifics of educational work with students of agrarian university, aimed at the formation of inter-ethnic tolerance in the process of language education.

Keywords: inter-ethnic tolerance, mentoring, multicultural space, educational environment, language education, agrarian university, ethno-cultural component.

УДК 37.013.43

Султанғалиева Ж.С.

Қ. Жұбанов ат. Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті, Ақтөбе

**БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІ МЕН АДАМИ ҚҰНДЫЛЫҚТАР ҚАТЫНАСЫНДАҒЫ
ТОЛЕРАНТТЫЛЫҚ**

Аңдатпа

Оқу- тәрбие процесінде өз халқының және өзгенің атақ-абыройына деген құрмет сезімін қалыптастыру, өзін халықтың бір өкілі ретінде тани білуге тәрбиелеу өзекті мәселелердің бірі. Қазақстандық білім беру жүйесінде – толеранттылық арқылы тәрбие беру мақсаттары, қазақ халқының мәдениеті мен дәстүрінің құндылықтарын игеру, жаһандану кезеңіндегі жастарға білім беру мен тәрбие берудегі басты бағыттардың бірі болып тұр. ЖОО-да студенттерді толеранттылыққа тәрбиелеу барысында ұлттық-мәдени құндылықтарды негізге ала отырып іске асыру өзекті болуда.

Кілт сөздер: толеранттылық, этномәдени білім беру, адами құндылықтар, студенттер ұлтаралық татулық, көпмәдениеттілік, көптілділік, жоғарғы оқу орны.

Кіріспе

ЖОО-да студенттерді толеранттылыққа тәрбиелеу процесінде өз халқының және өзгенің атақ-абыройына деген құрмет сезімін қалыптастыру, өзін халықтың бір өкілі ретінде тани білу арқылы басқа халықтардың да мәдени деңгейін бағалауға бағыт беру мәселесі үнемі назарда болатын өзекті мәселе деп айта аламыз.

Толеранттылық – бұл жергілікті халықтың басқа ұлт өкілдеріне және басқа діндегі адамдарға түсіністікпен қарап, оларды қудаламауының белгісі. Жалпы толеранттылық өркениетті қоғамға тән құбылыс. Мұндай қасиет тұтас ұлттың басына бір күнде орнай салмайтыны белгілі. Бұл – халықтың сана-сезімінің, дәстүрінің, рухани байлығының кемелденгенінің айқын көрінісі. Осы тұрғыдан алып қарасақ, Қазақстандағы қоғамдық қарым-қатынастардың белгілі бір дәрежеге көтерілгенін байқаймыз. Ата-бабаларымыздың ғасырлар бойы армандаған тәуелсіздікке қол жеткізгенімізге де жиырма жылдан асып отыр. Қазақстан тәуелсіздігін алған бұрынғы кеңестік елдер арасында ғана қарыштап қана қойған жоқ, сондай-ақ әлемдегі қарқынды дамып келе жатқан мемлекеттер санатына қосылып та үлгерді. Нұрсұлтан Назарбаев өзінің барлық баяндамаларында ең бастысы – ел ішіндегі тұрақтылық пен бейбітшілік, ұлтаралық келісім екенін баса айтуы тегіннен тегін емес.

Материалдар

Жас ұрпақ бойына толеранттылық тәрбиесін сіңіру үшін ұстаз бойында шәкіртін тыңдай білу, өзара қарым-қатынас деңгейін арттыру, кез-келген мәселені өзі шеше білуге мүмкіндік беру, келеңсіз жағдайларға килікпеуіне бағыт беру, бірлесе атқарған қызметін мадақтау сияқты қасиеттер болуы тиіс. Қарама-қарсы беталыс, бағыт, пікір, идеялар қай мемлекет пен қоғамда да бар. Халықтың даналығы, ел басқарудың өнері осы үрдістерді белгілі мәмілеге келтіріп, асауға тұсау салып, үйлесім, жарасым таптыруда. Толеранттылық, келісім тарихтың мәңгілік сыйы емес, себебі күнделікті дамудан туып отыратын қайшылықтар біржола шешілмейді: күніге, ай сайын, жылдар бойы, үздіксіз, ешкімге бұра тартпай, шынайы жанашырлықпен, халықпен ақылдаса отырып, олардың шешімін табуды талап етеді. Сондықтан “толеранттылы”, “тұрақты қоғам” деген ұғымдар шартты түрде ғана қолданылып, жайбарақаттылыққа жол берілмеуге тиіс.

Адамзаттың көптеген мыңжылдықтар бойы жинақтаған тарихи бай тәжірибесі барлық күрделі әлеуметтік мәселелердің түп-тамыры мен кез келген қоғамдағы ұлтаралық қарама-қайшылықтың шешімін таба алмаудың бірден-бір себебі – адамдардың мәдени артта қалушылығы мен надандығында екенін көрсетіп берді. Бұдан шығар қорытынды, мемлекеттің ішкі саясаты азаматтардың жан-жақты және үздіксіз білім алуының дамуына, қоғамның ғылыми және кәсіби деңгейге көтерілуіне сүйенуі тиіс.

Толеранттылық проблемасы мынадай мәселелермен тікелей байланысты анықталады: ұлтаралық қарым- қатынас, ұлтаралық қарым- қатынастарды тәрбиелеу, дінаралық қарым-қатынас, этномәдени білім беру, көпмәдениеттілік, көптілділік т.б. Толеранттылықтың көрініс беруі салалары бойынша мынадай бағытта ажыратылады: қоғамның еркін дамуы мен жалпы өмір сүруіне деген күреске қажетті принциптер мен құндылықтарды алға қою бүгінгі таңда толеранттылыққа тәрбиелеу мәселелерімен тікелей байланысты. Саяси мәдениеті жаңа қалыптасып келе жатқан біздің мемлекетімізде саяси толеранттылық орнығып болды деу қиын. «Бізде демократиялық мәдениетте терең дәстүрлерінің жоқтығы, еркіндікті ойыңа келгенді істеуге болады деп түйсіну елді тұрақсыздыққа ұрындыруы, біздің болашаққа арналған барлық жоспарларымызды белінен басып, өзімізді алысқа кері серпіп тастауы әбден мүмкін екенін мойындауымыз керек», - деді Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев.

Педагогика рухани мәдениетті, шыдамдылықты, төзімділікті, толеранттылық тәрбие қалыптастыруды бала өмірінің алғашқы жылынан балалар бақшасында бұл процесс мектепке дейінгі балалар жасында жүзеге асады. Адамның рухани мәдени дамуында

ұрпақтан – ұрпаққа көшкен, дамыған біздің адамгершілік қасиетіміз болып есептеледі. Өйткені, Тәуелсіз мемлекетіміздің одан әрі гүлдене беруіне үлес қосу, ортақ міндеттерге сәйкес, мектепке дейінгі балаларды толеранттылыққа тәрбиелеуден бастау алады. Баланың өмірге белсенді көзқарасының бағыты үлкендер арқылы беріледі.

Толеранттылық рухани, адами, идеялық, діни көзқарастар менің ұстанымдарыма жат болса да, қабылдаймын дегенді білдіреді. XVII ғасырдағы француз жазушысы Вольтер: «сіздің пікіріңіз маған жат, бірақ сізге оны жақтау үшін мен өмірімді құрбан етуге дайынмын», - деген. Ол – толеранттылықтың басты қағидасы. Бұл адамдар арасында өзара сыйластықты, мейірбандықты білдіреді. Сондықтан, толеранттылық екі жақты сана: мемлекеттер, діндер, этностар, жеке адамдардың бір -біріне шапағат жасай білуі.

Адамзаттың көптеген мыңжылдықтар бойы жинақтаған тарихи бай тәжірибесі барлық күрделі әлеуметтік мәселелердің түп-тамыры мен кез келген қоғамдағы ұлтаралық қарама-қайшылықтың шешімін таба алмаудың бірден-бір себебі – адамдардың мәдени артта қалушылығы мен надандығында екенін көрсетіп берді. Бұдан шығар қорытынды, мемлекеттің ішкі саясаты азаматтардың жан-жақты және үздіксіз білім алуының дамуына, қоғамның ғылыми және кәсіби деңгейге көтерілуіне сүйенуі тиіс.

Жалпы тәрбие жүйесінде адами құндылықтар қатынасында толеранттылық фактор ретінде, жүйені іштей тұрақтандыру, сонымен қатар тұлға аралық қатынасында қоғамда бейбіт өмірде бағыт – бағдар индивиттік дәстүрін, мәдениетін байланыстырып қарастырады. Сондықтан да қазіргі таңда бұл фактордың әсерін зейінге алу қажет. Бірақ қазіргі біздің қарқынды даму кезеңінде өскелең ұрпақты өмірге және толеранттылыққа дайындау, сонымен қатар тұлғааралық толеранттылық қатынасты қалыптастыру қажеттілігі туындауда. Қоғамда ізгілендіру негізінде білім беру мәселесімен айналыса отырып, жастар арасында толерантты тәрбие беру жұмыстарын тең дәрежеде жүргізу қажет. Қазақстандық білім беру жүйесінде – толеранттылық арқылы тәрбие беру мақсаттары, қазақ халқының мәдениеті мен дәстүрінің құндылықтарын игеру, жаһандану кезеңіндегі жастарға білім беру мен тәрбие берудегі басты бағыттардың бірі болуы керек.

Бұл үшін толеранттылыққа тәрбиелеуде педагогтың біліктілігі білім беру ісі мен тәрбие үздіксіз, сабақтастық принциптерге сәйкес жүйелі, сатылы әрі кешенді түрде жалғасын табуы тиіс.

Тәрбие беру ісімен педагогикалық қызметтегі басты мақсаттардың бірі – мұғалім-оқушы, ата-ана мен мектеп арасындағы қарым – қатынас болып табылады. Себебі оның бойында бағалаушылық, когнитивтік және эмоционалдық компоненттер бар. Оның ішінде ерекше орында адамдардың бір – біріне деген қарым – қатынасы, төзімділігі, сыйластығы сияқты мәселелер де бар. Сондықтан да халықтық педагогикада «сабыр түбі - сары алтын», «асықпаған арбамен қоянға жетеді» мақалдар тұлғаның басқаға деген төзімділігін көрсетеді.

Қазақ қоғамында да толеранттылықтың үлгісіне өз заманында баға берген хакім Абай: «Батыл, көзге айтудан қорықпайтын, алдына қойған биік мұратына қалай да жетпей тынбайтын талапты, күрескер адам болуы тиіс деп, ол қорқақты шенейді, олар әдетте жалқау, дәрменсіз болады», - дейді. Абай сол қоғамдағы халық арасында төзімділік пен сабырлықтың ара байланысын бір – бірінен ажыратпай біртұтас күйде қарайды. Мысалы:

Қайрат пен ақыл жол табар,

Қашқанға да, қуғанға.

Әділет шапқан кімде бар,

Сол жарасар туғанға.,- дей келе: «Ерліктен – тапқырлық та, батылдық та, сабыр да шығады, сабырлы, табанды болу – ер, мақсатшыл адамның сапасы », - деп баулиды. Абай: «қазақ жастарын қиын кезеңде, ғылым жолында кездескен алғашқы сәтсіздік үстінде күдер үзбе, талаптың сұңқарын мініп, тас қияға өрле, мұратыңа

жетпей тынба», - деп төзімділікке шақырады. Ендеше, Абай сөзіндегі «сабырлы, табанды болу», адамдар арасындағы қарым – қатынастың ерекше бір түрі – төзімділік екенін көрсетеді. Басқаша айтқанда, қарым – қатынастағы ішкі белсенділік пен жауапкершілік. Сондықтан қазақ жастарын жалпы адамзатты толеранттылыққа тәрбиелеуде адамзатқа тән құндылықтар басшылыққа алынуы тиіс. Атап айтқанда, ақиқат, парыз, бейбітшілік, сүйіспеншілік, қиянат жасамау, халықтар достығы, әр ұлттың мәдениеті мен өнеріне, тілі мен дініне деген төзімділікті сақтау болып табылады. Көптілділік – жалпы халыққа ортақ қарым – қатынас құралы, білім мен ғылымның, ақпарат пен баспасөздің, әдебиет пен мәдениеттің тілі.

Дегенмен, көптілділік пен толеранттылыққа заманның қазіргі даму жағдайындағы өзгерістер, халықаралық интеграция, ақпараттық өркениет, мәдениеттің алмасуы мен диалогы, жаһандану үрдісі ықпалында қазақ қоғамындағы жастар дайын ба деген сұрақтың туындауы рас. Осы жерде педагогтың біліктілігі көрінуі тиіс деп ойлаймыз. Ол ең алдымен жастардың сана сезімінің, көп тіл білуінің және толеранттылығының сапалық жағынан қалыптасуын, жаңа заманның дамуына лайықты санасы мен болмысын тәрбиелеп, оларды қалыптастыру мүмкіндігі бойынша жұмыс жасауы қажет. Оларды жаңа бағытқа бастайтын, бір сөзбен айтқанда, олардың рухани жетілуіне, шығармашылықпен жұмыс жасауына жол ашады.

Ата – бабамыз ғасырлар бойы бақытты ел болуға талпынды. Азаттықты аңсап, тәуелсіздікті, теңдікті, елдікті көкседі. Сан жылдық аласапыран шайқас, күрес, қақтығыстардан арылып, татулықтың туы желбіреген бейбіт ел болуды армандады. Соның бәрін артқа тастап, тәуелсіздік таңына талып жеткен қазақ елі бүгінде бейбітшілік бесігінде тербеліп отыр десек артық емес. Көптеген елдерде ұлтаралық, дінаралық қақтығыстар толастамай тұрғанда біздің береке – бірлігіміз өзге елдерге үлгі болатындай.

Ертеден еркіндік пен елдікті, бейбітшілік пен берекені тілеген еліміз ешқашан өзгені өзекке теппеген. Сонау күндері елінен еріксіз және ерікті түрде қуылғандар мен қашқындардың да нәсіліне қарамай, бір үзім нанын бөліп беріп, бір жастықты жастанған қазақ қашанда қайырымдылық пен қамқорлықтан қашқан емес. Қазақ халқы тарихтың жазуыменен елімізге кіріккен көптеген ұлттарға бауырмалдық танытып қана қойған жоқ, оларға барынша демеу болып, қолдау көрсетті. Біздің байтақ даламызда өсіп, өркендеуіне жол ашты. Бүгінгі көп ұлтты Қазақстандағы татулық пен келісімнің болуы да, ең алдымен, қазақ халқының ұлылығын танытса керек. Қазақтың қонақжайлығы мен дарқан мінезіне өзге ұлттар үнемі өз алғыстарын айтып, өздерінің жоғары бағасын беріп келеді.

Толерантты парасаттың үлгісі қазақ билерінде көп кездеседі. Мысалы, Қазыбек бидің қалмақ ханы Қонтайшыға айтқан: «біз қазақ деген мал баққан елміз» деп басталып, «досымызды сақтай білген елміз, дәм- тұзды ақтай білген елміз, асқақтаған хан болса, хан ордасын таптай білген елміз», «... берсең жөндеп бітімінді айт, не тұрысатын жерінді айт!», - аяқталатын сөздері өзара сыйластыққа шақырады.

Тәуелсіздік алған жылдар ішінде көршілес мемлекеттерге қарағанда саяси-экономикалық жағынан қарқынды дамып, әлемдік деңгейде өзін танытқан еліміздің жетістіктері ұлтаралық татулық пен толеранттылықтың, осы бағыттағы Елбасы мен мемлекеттің жүргізіп отырған сындарлы саясатының арқасында болып отыр. Әлемде ұлтаралық қақтығыстар мен діни түсініспеушіліктер белең алған тұста бейбіт қатар өмір сүрудің озық үлгісін көрсетіп келе жатқан қазақстандық толеранттылықтың жарқын үлгісін көптеген мемлекеттер мен діни конфессиялар да мойындап отыр, еліміздің тәжірибесіне қызығушылық пен қолдау табуда. Сондықтан да осы қол жеткізген жетістіктерді баянды болуы және алға қойған жаңа белестерге қол жеткізу үшін Қазақстан азаматтарының бойындағы өзіндік қасиеттерге нұқсан келтірмей жаңа қасиеттерді, дербестікті және тандау мен шешім қабылдау жағдайындағы жауапкершілікті тұлғааралық үйлесімді қарым-қатынас орнатуға,

қоғамдағы тиімділікті арттыруға әсер ететін білім, білік, дағдыларды қалыптастыру мәселесі тұр. Бұл мәселені шешудің бір жолы – еліміздің келешегі болып табылатын жастарды ұлттық мәдениет аясында толеранттылыққа тәрбиелеу. Сондықтан да, ЖОО-да студенттерді толеранттылыққа тәрбиелеу мәселесі бүгінгі таңда өзекті болып табылады.

Толеранттылық жеке және қоғамдық сананың бағыты ретінде әлеуметтік қатынастар үйлесімділігінің шартына айналуға. Қоғамның дүниетанымдық бағдарлары үлкен рөл атқаратын білім беру саласында толеранттылық әлеуметтік – білім берушілік императив болып табылады. Алайда тәрбиесіз жастардың бойында этникалық толеранттылықты қалыптастыру мүмкін емес. Еліміздің білім беру жүйесінде әлемдік деңгейге жету үшін жасалынып жатқан талпыныстар әр-түрлі әдіс-тәсілдерін қолдана отырып, терең білімді, ізденімпаз, барлық іс-әрекеттерінде шығармашылық бағыт ұстанатын толерантты әрі креативті жеке тұлға тәрбиелеу ісіне ерекше мән берілуде. Еліміздің ұлттық білім беру жүйесінде «қазақстандық патриотизм» ұғымы қолданылып келеді. «Қазақстандық патриотизм» арқылы Отан, туған жер, ел, атамекен, мемлекет, туған өлке, халқы туралы түсініктер оқу-тәрбие үрдісінде, сабақтан тыс іс-шараларда Отан сүйгіштік сезімді дамыту, ұлттық салт-дәстүрді сақтау, мемлекеттік рәміздерді құрметтеу, ана тілін қадірлеу сияқты сезімдерді білім алушылардың бойында қалыптастыру жүзеге асырылуда. Жастарды толеранттылыққа тәрбиелеуде білім-ғылым және мәдениет ошақтарының әр алуан ашық алаңдарын пайдалану өте маңызды. Ашық алаңдар арқылы оқушылар мен студенттер және жастарға арналған үздік технологиялық жетістіктерді пайдалана отырып педагогикалық контекстегі семинар-тренингтер және т.б. сипаттағы педагогикалық акциялар өткізу өте тиімді деп санаймыз. Оған белгілі мамандардың қатысуы және кері байланыстың орнауы аудиторияның қызығушылық деңгейін арттыра түсетіні сөзсіз.

Осыған орай, қазіргі таңда бұл фактордың әсерін назарға алу маңызды. Бірақ қазіргі қоғамның қарқынды даму кезеңінде өскелең ұрпақты өмірге және толеранттылық дұдамал, күрт өзгермелі жағдайға дайындау сонымен қатар тұлғааралық толеранттылық қатынасты қалыптастыру қажеттілігі туындауда. Қоғамда ізгілікті білім берудің мәселелерімен шұғылдана отырып, соның ішінде жастар ортасында толеранттылыққа тәрбиелеу жұмыстарын қатар жүргізу керек. Толеранттылық тек әлеуметтік климат, тұлғааралық қарым-қатынас, саясаттың дамуына ғана әсер етпейді, оның көкейкестілігі міндеті қазіргі заман адамы мен оның тәрбиесіне бағытталған.

Қорытынды

ЖОО-да студенттерді толеранттылыққа тәрбиелеуде тәрбие жұмысының маңызы зор. Осы орайда ЖОО-да студенттерді толеранттылыққа тәрбиелеу барысында ұлттық-мәдени құндылықтарды негізге ала отырып іске асыру өзекті болуда. Жастардың сана сезімінің, көп тіл білуінің және толеранттылығының сапалық жағынан қалыптасуын, жаңа заманның дамуына лайықты санасы мен болмысын тәрбиелеп, оларды қалыптастыру аудиториядан тыс сабақтар, ұжымдық- шығармашылық жұмыстар, семинар-тренингтер арқылы білім алушылардың өзгелерге деген төзімділігін, кез-келген жаңа ортаға тез үйреніп, қалыптасуына мүмкіндік береді.

Әдебиеттер

1. *Назарбаев Н.* Қазақстан – 2030. Ел Президентінің Қазақстан халқына жолдауы.
2. *Шахметова М.* Жоғары білім беру жүйесінде болашақ педагог маманның этникалық толеранттылығын қалыптастырудың моделі // Ұлт тағылымы. -Алматы, 2009.

3. 2008 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы туралы». Қ.Р. Президентінің Жарлығы Астана, Ақорда, 2006 ж. қазанның 10-ы. №200

4. Толерантное сознание и формирование толерантных отношений (теория и практика). - Москва, 2003.

Султанғалиева Ж.С.

ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫЙ КОМПЛЕКС И ТОЛЕРАНТНЫЕ ОТНОШЕНИЯ КАК ЧЕЛОВЕЧЕСКАЯ ЦЕННОСТЬ

Аннотация

В статье рассматривается проблема формирования толерантного сознания студенческой молодежи в аксиологическом аспекте межличностных отношений.

Ключевые слова: толерантное отношение, межэтническая толерантность, поликультурная личность, диалог культур, принципы толерантности, образовательный комплекс.

Sultangalieva Zh.S.

EDUCATIONAL COMPLEX AND TOLERANT RELATIONS AS HUMAN VALUES

Abstract

The article considers the problem of formation of tolerant consciousness of students in the axiological aspect of interpersonal relationships.

Keywords: tolerance of, inter-ethnic tolerance, multicultural identity, dialogue of cultures, the principles of tolerance, the educational complex.

УДК 37.013.43

Туребаева Б.З.

Актюбинский университет им. С.Баишева, г. Актюбе, Казахстан

ПЕДАГОГИЧЕСКИЕ УСЛОВИЯ ФОРМИРОВАНИЯ МЕЖЭТНИЧЕСКОЙ ТОЛЕРАНТНОСТИ СТУДЕНТОВ В ПОЛИКУЛЬТУРНОМ ПРОСТРАНСТВЕ ВУЗА

Аннотация

Представлены педагогические условия формирования межэтнической толерантности студентов в поликультурном пространстве вуза. Рассмотрены критерии поликультурного образования, которое является процессом, а не продуктом. Показаны результаты работы по созданию педагогических условий формирования межэтнической толерантности в поликультурной среде вуза.